

“Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі” КММ “Біртұтас тәрбие”бағдарламасы 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының анализі

"Мектепке жол" Республикалық акциясы 2024-2025 оқу жылында "Жақсылық жаса" ұранымен өткізілді. Акцияның мақсаты- Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығысыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдына алу.

1 қыркүйек-алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған балалар үшін ерекше мереке."Мектебім-мейірім мекені "тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиынөтті. Мақсаты: Отанды сүюге, болашақта отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді, білікті адамдар керек екенін аңғарту. Еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сақтап, әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу.

02.09.2024 жыл 1 -11 сынып аралаығында "Менің Отаным-Қазақстан" тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары және қауіпсіздік сағаттары өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

5-қыркүйек "Қазақстан халықтарының тілдері күніне" орай Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Тіл-татулық тірегі" тақырыбында апталықтың ашылу өтті. Мақсаты: жас ұрпақты ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру.

"Қазақстан халқының тілдері күніне" орай Жаратылыстану математикалық әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен "Тіл-татулық тірегі" тақырыбында командалық сайыс сабақ өткізілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы "Шабыт" жобасының "Мектеп театры" іс-шарасы арқылы оқушыларға ситуациялық-сахналық көрініс, миға шабуыл жасаушы, білімдерін барынша ортаға салатын тапсырмалар орындалды. Қазақ, неміс ұлттарынан құралған 3 түрлі командалардың жұмыстары бағаланып, марапатталды. Мақсаты: Балаларды өз ана тілінде таза сөйлеуге, қадірлеп, қастерлеуге тәрбиелеу.

2024 жылдың 27 қыркүйегінде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: 1 " Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" баяндамасы оқылды (педагог-психолог Мусина А.Қ., әлеуметтік педгог Искакова С.А.). 2. "Жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу түсіндірме жұмысы"- учаскелік полиция инспекторы Жанапиянов Дәурен Әделжанұлы. 3. "Мектеп формасына қойылатын талаптар"- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қаппар Ж.Ж., 4. Әртүрлі мәселелер. Жиналыс барысында презентация, ата-аналарға жадына таратпа қағаздар ұсынылды. Ата-аналармен ашық диалог жүргізілді.

"Даналық ұстаздан" челленджі республика көлемінде "Қалықта әнім," Ұстазым" деп! " бастамасымен өткізіліп отыр. Мақсаты: білім алушылардың ұстазға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыруға, еңбегін бағалауға үн қосу.

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ бойынша 2024 жылдың3 қазанда "Дублер күнін" өткізді. Рөлдік ойындар төңірегінде өткен іс-шараны өзін-өзі басқару ұйымы белсенділік танытып оқушылармен үзіліс уақытында түрлі ойындар ойнатылды. Арнайы "Дублер күніне" сабақ кестесі құрылып, сабақ беретін оқушылар бекітілді. Мақсаты: оқушылар мен педагогтердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әлеуметтік құзыретті тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Еңбегі адал-жас өрен" жобасы бойынша "Күзгі асар" іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты - Білім алушыларды еңбекке баулу, достықты насихаттау, жауапкершілікке тәрбиелеу, күздің молшылық пен береке айы екенін түсіндіру. Жауапкершілік сезінетін адамға әдетте жұрт сенім артады. Жауапкершілік ол – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет.

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ 1 сынып оқушысы. "Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер" демекші тәрбиені іспен көрсету арқылы бала бойына сіңіре аламыз. Мақсаты: Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым- қатынасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру.

2024 жылдың 19 қазанында Кеңбидайық ауылының ЖОББМ "Мектеп президентінің сайлауы-2024" өткізіледі. Президенттікке үміткер 7-10 сынып оқушылары, сайлаушылар 1-11 сынып оқушылары. Оқушыларға хабарландыру беріліп, жалпы сайлау ережелерімен таныстырылды. Алдағы сайлауға мектеп бойынша 7 үміткер өз кандидатурасын ұсынды. Мақсаты: оқушылардың зияткерлік мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру,

жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және Зияткерлік мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

ҚР жазушылар одағының мүшесі, ҚР журналистер одағының мүшесі, суырыпсалма ақын Мырзабек Құдайберлі Рақымбекұлының 60 жылдық мерей тойына арналған білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 5 сынып оқушылары арасында "Батырлар жыры-тәрбие көзі" тақырыбында қазақ эпосынан мәнерлеп оқу байқауы өтті. Мақсаты: Батырлар жыры туралы түсініктерін кеңейту, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру; Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету.

2024 жылдың 14 қазанында "Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Ақындар айтысы" бөлімі бойынша Кеңбидайық ауылының ЖОББМ музыка пәнінің мұғалімі Қ. Ғ. Құсайын 5"а" сынып оқушыларымен "Домбырам меніменен егіз бе едің?" тақырыбында сыныптан тыс жұмысын жүргізді. Мақсаты: Домбыра аспабында ойнау күні, домбыра аспабын ұлықтау.

"Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Ақындар айтысы" іс-шаралар жоспарына сәйкес "Сөз зергері - өрнектеген өмірді" тақырыбында кітапханашы О.П.Боранбаева портреттік кеш өткізді. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, тілге, айтысқа деген сүйіспеншіліктерін ояту.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» Ұлттық мәдени – ағартушылық жобаның «Ақындар айтысы» бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес «Болмасаң да, ұқсап бақ» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына қазақтың төл өнері-айтысты дәріптей отыра санасына, бойына сіңіру мақсатында 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен "Ақындар айтысы" өткізілді.

Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.Қ.Утеулина 11 сынып оқушыларымен Астана қаласындағы "Сәкен Сейфуллин мұражайына" экскурсияға барып келді. Мақсаты: қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерімен танысу; Қазақстан тарихы саласындағы танымдық қызығушылықтарды дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Қамқор" жобасы негізінде "Қоғамға қызмет ету" волонтерлық қызметі бойынша 7 "а" сынып оқушылары ауыл қариясының біріне көмек көрсетті.

Мақсаты: қоғамға адал қызмет ету туралы түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

1 қараша Күзгі каникул уақытында Отбасылық құндылықтар күніне орай "Ата дәстүр-асыл қазына" тақырыбында 4 сынып оқушысы Муканова Аружан мен анасынан отбасылық шебер-сыныбы. Мақсаты: Халқымыздың ұлттық педагогикалық тәрбие негізінде алынған, ата – бабаларымыздың күнделікті тұрмыстың әр саласына қолданған, сөздердің мән – мағынасын ашып, оқушыларға таныстыру. Қазіргі кезде қолданысқа ене бермейтін атаулар арқылы оқушылардың ой - өрісін дамуға, дүниетанымын ұлғайтуға, ойлауға, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес "Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері" тақырыбында 5-9 сынып ата-аналарына сабақ өткізілді. Мақсаты: Экстремистік идеологияларға байланысты тәуекелдер мен қауіптер: Кейс-зерттеулер

- 1.Рухани иммунитетті қалыптастырудың негізі ретінде сыни ойлау және эмоциялық интеллект
2. Балалардың санасы мен мінез-құлқын дерадикализациялау тәсілдері
3. Отбасы мен мектептің профилактикалық қызметінің тиімді стратегиялары, ашық қарым- қатынасты ынталандыру және бірлескен іс-шараларға қатысу.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының жоспарына сәйкес 1-4 сынып ата-аналарына арналған "Назар аударуды дамыту" тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ презентация арқылы жүргізіліп түрлі жаттығулар орындалды. Мақсаты: Балалардың назарын аударуды дамыту проблемасының маңыздылығы мен маңызы.

1. Назар аударудың негізгі қасиеттері.
2. Назар аударуды дамыту әдістері мен тәсілдері.
4. Үйде қолдануға арналған практикалық тапсырмалар мен ойындар.

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жұмыс жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен "Жадыны дамыту" тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты: 1. Неліктен жасөспірімде есте сақтауда қиындықтар туындауы мүмкін?

2. Жасөспірімдердің есте сақтау ерекшеліктері
3. Жадыны жақсарту үшін мнемотехникалық тәжірибе жасау.
4. Жадыны жақсартатын жаттығулар.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының күнделікті жоспарына сәйкес үзіліс уақытында мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" бойынша ұлттық ойындар ойнатылды. Мақсаты: Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын қабылдауының 35 жылдығын, ратификациялауының 30 жылдығын және Дүниежүзілік балалар күні жарияланғанының 70 жылдығын (20 қараша)

мерекелеудің республикалық науқанын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарыны сәйкес "Мен және менің құқықтарым" тақырыбында дебат өткізілді. Сондай -ақ 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен "Мен және менің құқықтарым" ("Я и мои права" круглый стол) тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, "Сиқырлы қылқалам" бұрышына «Әр баланың құқығы бар – Каждый ребенок имеет право» сурет көрмесі қойылды.

Мақсаты: құқық ұғымы, құқықтың қоғам өміріндегі рөлі, құқықтық қатынастар туралы оқушылардың сауаттылығын арттыру. Жасөспірімдерді құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын қабылдауының 35 жылдығын, ратификациялауының 30 жылдығын және Дүниежүзілік балалар күні жарияланғанының 70 жылдығын (20 қараша)

мерекелеудің республикалық науқанын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес "Қауіпсіз интернет" видеоролик байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде "Шабыт" жобасының "Мектеп театры" тақырыптық күнтізбесіне сәйкес 4 сынып оқушысы Жайлаубек Арнұрдың сомдауында Абайдың образы сахналанды. Абайдың 16, 24 қара сөздерін тыңдаған оқушылар, түйінді ойларын таратпа қағазға жазу арқылы кері байланыс берді. Мақсаты – жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру, дропперлік қылмыс, қаржылық пирамида секілді алаяқтық әрекеттердің алдын алу және оларға қарсы күрес дағдыларын қалыптастыру болды.

«Бақытты ана – бақытты бала – бақытты ел» тақырыбында қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен дөңгелек үстел. Мақсаты: Ата-аналарды қатыстыра отырып, олардың үлгісі мен ықпалы арқылы білім алушыларды ата-аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы ынтымақты нығайту.

2024 жылдың қазан айында өткен «Төрт тоқсан - төрт өнер» Ұлттық мәдени – ағартушылық жобаның «Ақындар айтысы» бөлімінің іс-шаралар жоспарыны сәйкес өзін-өзі басқару ұйымының "Дебат қозғалысы" фракциясының қатысуымен «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас өткізілді. Мақсаты: қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» Ұлттық мәдени – ағартушылық жобаның «Ақындар айтысы» бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес және "Шабыт" жобасының "Мектеп театры" бойынша «Сөз төресі – шешендік өнер» тақырыбында қазақ ертегілері мен аңыздары желісінде комикс жанрында шығармашылық жоба сайысы өтті. Мақсаты: Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендік асыл қазынасын оқушыларға ұғындыру, мән-мағынасын ашу. Шешендік сөздер арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

“Қауіпсіз жаңа жыл» профилактикалық дәрісі

2024 жылдың 11 желтоқсанында мектеп оқушыларына «Қауіпсіз Жаңа жыл» тақырыбында дәріс өткізілді. Қорғалжын ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау майоры Қошқарбаев Ж.Қ, Сондай-ақ Қорғалжын ауданының Ювеналды полиция тобының аға инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызы пиротехникалық заттарды қолдану ережелері мен өрт кезіндегі әрекеттер алгоритмі туралы еске салды. Пиротехникалық бұйымдарды, жаңа жылдық мерекелерді тойлау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар. Өрт болған жағдайда 101 немесе 112 телефондарына хабарласуын сұрады. Мақсаты: жаңажылдық мәдени-көпшілік шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жылыту маусымында болуы мүмкін қауіптердің алдын алу және тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі мәдениетін арттыру.

16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында келесі іс-шаралар өткізілді:

1-11 сынып оқушылары, ұстаздар, қызметкерлердің қатысуымен тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында "Тәуелсіздік- орындалған

арман" атты салтанатты жиын өтті. Жиын барысында әнұран шырқалып, оқушылар өнер көрсетті.

Мектеп жанындағы "Балбұлақ" шағын орталығында тәуелсіздік күніне арналған "Менің елім-Менің туым" тақырыбында ертеңгілік өтті.

"Жетістігімді еліме арнаймын" 7-11 сынып оқушылары және ұстаздардан құралған командалар арасында "Тәуелсіздік күні" мерекесіне орай волейбол жарысы өтті.

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 6 "а" сынып оқушылары барша Отандастарымызды Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтау бейнеролигі.

"Тәуелсіздік ел тұғыры" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мектеп оқушыларының қысқы демалыс уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізу мақсатында «Қауіпсіздік негіздері» пиротехникалық құралдарын пайдалану кезінде жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік техникасы бойынша бейнероликтерді іске қосу және онлайн сабақ өткізілді.

2025 жылдың 6 қаңтар "Пайдалы әдеттер академиясы" күніне орай "Менің таңдауым-менің жауапкершілігім" тақырыптарында челледждер, акциялар және онлайн марафон өтті.

2025 жылдың 6 қаңтар "Пайдалы әдеттер академиясы" күні 5 "а", 7"б", 8"а" сынып аралығында "Менің игі істерім" акциясы өтті. Мақсаты: балалардың бойында дұрыс іс-әрекет құндылықтарын, жақындарына мейірімді қамқор қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, игілікті істер жасау арқылы өзіне және өзге адамдарға қуаныш әкелуіне ынтасын арттыру.

2025 жылдың 6 қаңтар "Пайдалы әдеттер академиясы" күніне орай 1-4 "а" сыныпта "Пайдалы әдеттер" тақырыбында челледж өтті. Мақсаты: Денсаулықты сақтау және нығайту – дұрыс тамақтану, дене белсенділігін арттыру, жеткілікті ұйықтау. Психикалық денсаулықты күту – күйзелісті басқару, позитивті ойлау, өзін-өзі дамыту. Тұрақты күн тәртібін сақтау – уақытты тиімді пайдалану, тәртіппен өмір сүру.

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиім пайдалану әрі тұлғалық дамыту бойынша тәрбие жоспарына сәйкес 2025 жылдың 7 қаңтар "Кітап" күніне орай "Сүйікті ертегілер елінде" тимбилдинг өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылады дәстүрден тыс сурет салғанда ертегілер сюжетін өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. Түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту. Қиялды дамыту, бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне қамқорлыққа тәрбиелеу. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылықпен ұқыптылыққа тәрбиелеу.

"Еңбегі адал-жас өрен" жобасы бойынша кәсіптік бағдар беру жоспарына сәйкес "Болашағың сенің қолыңда" тақырыбында видеоролик түсірілді.

Мектеп кітапханасында "Читаймер" жылдам оқу сайысы өткізілді. Сонымен қатар "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" акциясы бойынша өткізілген қысқы онлайн кітап оқу демалысы, Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына орай "Ұлы адамдардың ізімен" атты тақырыпта кітапханалық сабақ, "Тыныш, кітап оқу уақыты" атты тақырыпта мектеп кітапханасына саяхат өткізілді. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Кітапханашы Боранбаева Оксана петровна.

"Ғажайып әлемге саяхат", атты Көркем еңбек және Дене шынықтыру бірлестігінің апталығының ашылу салтанаты өтті. Мақсаты: оқушыларды дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануға тарту, белсенділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ойын кезінде әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелеу, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайтуға және өмірмен де байланысты екенін түсіндіру. денешынықтыру бірлестігінің мүшелері үзілісте "Ұлттық ойын - ұлт қазынасы" атты тақырыпта ойындар ұйымдастырып өткізуде.

Мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, спортпен шұғылдануға тарту, белсенділікке, қайсарлыққа, батырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

"Ұшқыр ой алаңы" жобасы бойынша мектеп парламентінің өзін-өзі басқару бойынша "Дебат қозғалысы" фракциясының пікірталас жұмысы.

"Балбұлақ" шағын орталығында "Дидактикалық" ойындар күн тәртібіне сәйкес өткізіліп тұрады.

Ағымдағы жылдың 13-ақпанында Қорғалжын аудандық "Жастар" спартакиадасы бағдарламасына сәйкес 9-11 сынып оқушы ұлдар арасында Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебінде баскетбол жарысы өтті. Аталған жарыста Кеңбидайық мектебінің оқушылар командасы бірінші орынды иеленді.

Ауған соғысының тарихи мағыналық ақиқатын ашу, тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, бүгін өзімізбен бірге елінің көсегесін көгертуге ат салысқан ардагер жауынгерлерді қадірлеп, құрметтеу - біздің қасиетті борышымыз деп білемін! Ауған соғысына қатысқан ағаларымыздың көзсіз ерліктерін дәріптеу, соғыс қасіретін ұғындыру және отан қорғаудағы ер жігіттердің міндетін асқақтату мақсатында 14.02.2025 ж. Кеңбидайық ауылының ЖОББ мектебінде ортамызда жүрген Ауған соғысы ардагерлері Сабиев Мереке ағамыз

бен Абдыкалыков Хамидолла ағамызды шақырып, оқушылармен сұхбаттасып, сый-құрметімізді білдірдік.

"Адам бойында бәрі де сұлу болуға тиіс" атты тақырыпта аға тәлімгер, педагог-психологтің ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру, жаман әдеттерден аулақ болуға, кішіге қамқор, үлкенге құрметпен қарауға, ізетті болуға тәрбиелеу.

Алғыс айту күніне орай өз алғыстарын отбасыға, ата-анаға, әже-атаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынастарын білдірді.

Мақсаты: Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

2025 жыл - қарапайым жұмысшылар жылына орай "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Қамқор" жобасы негізінде 4 "б" сынып оқушылары мектеп еден жуушысы Ешербаева Гүлмайра апайға алғыстарын айтып, мерекемен құттықтай отырып тәттілерден тосынсый жасады.

Кеңбидайық ауылының ЖОББМ жанындағы "Балбұлақ" шағын орталығының бүлдіршіндері 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аналарына мерекелік кеш сыйлады. Іс-шара барысында балалар ән шырқап, билеп, сахналық қойылым көрсетіп, ата-аналармен ойын ойнатылды.

"Наурызнама" тұжырымдамасының жұмыс жоспарына сәйкес 15 наурыз-Қайырымдылық күні. Бұл күні 10 сынып оқушылары ауылдың мешітінің алдын қардан тазалады. Тәрбиенің түп қазығы имандылық пен адамгершілік болса, оқушылармыздың әрекеті бойындағы сол қасиеттерінің айнасы.

"Наурызнама" тұжырымдамасының жоспарына сәйкес бүгін 3 күн "Шаңырақ күні" болып белгіленген. Бұл күні 1 сынып оқушысы әжесімен дастарханның сәні, балалықтың дәмі, сыйлы қонақтың кәдесі ыстық бауырсақ пісіруде. Әженің аялы алақаны мен айналайын деген сөзі ештеңеге тең келмесі хақ.

Мектеп жанындағы "Балбұлақ" шағын орталығының ұжымы ата-аналар мен бүлдіршіндерді "БАУЫРСАҚ PARTY" тамаша көңіл-күйімен қарсы алды. Ұлттық дәм, ұлттық киім, ұлттық мәдениеттің керемет көрінісі, үйлесімділігі.

Гуманитарлық пәндер бірлестігі Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай "Ұлылардың ұлысы-Абай" атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кеш барысында ұлы данамыздың өлеңдері, қара сөздері оқылып, әндері шырқалды.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша бүгін "Ұлттық киім күні" челлендж 18 наурыз-Ұлттық киім күні ретінде атап өтілетін ерекше мейрам. Бұл күн қазақтың дәстүрлі мәдениетін жаңғыртып, ұлттық киімнің маңыздылығын насихаттауға бағытталған. Қазақ халқының ұлттық киімі – тарихымыз бен мәдениетіміздің ажырамас бөлігі.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 19 наурыз "Жаңару күні"

"Жаңару күніне" орай 5-7 сынып оқушылары арасында "Ұлы даланың-ұлы есімдері" тақырыбында интеллектуалды викторина өткізілді. Ұйымдастырған сынып жетекшілер А. Қ. Утеулина, Г. А. Алиева, Г. О. Бейлова

14-наурыз "Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша Көрісу амал мерекесіне орай 7 "а" сыныбы викториналық ойын ойнап, қол алысып "бір жасыңмен" құттықтады. Сынып жетекшісі А.Қ.Утеулина

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 6 "а" сыныбының "Жеті ата" тақырыбында шежіре тарату челленджі. Сынып жетекшісі Г.А.Алиева

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 20 наурыз "Ұлттық спорт күні". Осы орайда мектеп жанындағы "Балбұлақ" шағын орталығында ұлттық ойындар ойнатылды. Тәрбиешілер Н.Н.Жунусова, О.П. Боранбаева

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 20 наурыз "Күй күмбірі" республикалық домбырашылар челленджіне "Даналық мектебі" клубының "Аға қамқорлығы" бөлімі бойынша 2 сынып оқушысы Орынбек Ақнұрдың ағасы Айкишев Сабыржан наурыз мерекесімен құттықтай отырып Нұрғиса Тілендиевтің "Әлқисса" күйін ойнап берді.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 21 наурыз "Ынтымақ күні". 1-10 сынып оқушылары арасында қолөнер жұмыстары нан "Ұлттық мәдениет" көрмесі ұйымдастырылды.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 22 наурыз "Жыл басы". 2024-2025 оқу жылының түлектері, 11 сынып оқушылары, Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мейрамымен құттықтайды.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 23 наурыз "Тазару күні". Бұл күн тек қоршаған ортаны тазарту ғана емес, рухани тазалықты да дәріптейтін мейрам. Табиғатты қорғау мен ішкі жан дүниені жаңғырту идеясы осы күннің негізгі ұранына айналған.

"Наурызлама" тұжырымдамасы бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында "1001 мақал, 101 жұмбақ" интеллектуалдық сайысы өткізілді. Сынып жетекшілер: С. Б. Бирманова, Ұ. Н. Сабиева, Б. Қ. Баймуратова

Мақсаты: балалардың танымдық қабілетін арттыру мақсатында мақал-мәтел және жұмбақтармен таныстыру. Оқушылардың ақыл-ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту. Білімдерін жетілдіре отырып, қызығушылық қабілетін арттыру, білімділікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

"Құстар біздің досымыз" атты тақырыпта суреттер салынып, көрмеге қойылды. Мақсаты: Оқушылардың табиғат жайлы түсініктерін кеңейтіп, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, құстарды қорғауға шақыру.

7 "а" сыныбының "Жеті ата" тақырыбында шежіре тарату челленджі. Сынып жетекшісі А.Қ.Утеулина. Жеті ата – қазақ халқының ежелден келе жатқан шежірелік жүйесі. Ата-бабасының есімдерін шежіреге жазып, әкесінен бастап, атасын, одан кейінгі ата-бабаларын, яғни жеті атасын жатқа айтатын болған. Олардан тараған ұрпақ бір атаның балалары деп есептелген. Жеті атадан тараған ұрпақ жеті рулы елге айналады.

"SMART BALA" жобасы аясында "Өнертапқыштыққа алғашқы қадам" сабағы практикалық сабағы өткізілді.

"Қамқор" жобасы аясында 2 сынып оқушылары гүл тұқымдарын егіп, мектеп ауласындағы гүлзарды көркемдеуге, табиғатты аялауға өз үлестерін қосуда. Сынып жетекшісі: Мұстафа Ляззат Ғабиденқызы

Сынып сағатында "Қамқор" жобасы аясында 8 "а" сынып оқушылары гүл тұқымдарын егіп, мектеп ауласындағы гүлзарды көркемдеуге, табиғатты аялауға өз үлестерін қосуда. Сынып жетекшісі: Ермұрат Әлемгүл.

Сынып сағатында "Қамқор" жобасы аясында 7 "а" сынып оқушылары гүл тұқымдарын егіп, мектеп ауласындағы гүлзарды көркемдеуге, табиғатты аялауға өз үлестерін қосуда.

"12 сәуір Ғарышкерлер күніне" орай, "Ұшқыш болғым келеді" атты тақырыпта бастауыш сынып оқушылары эссе жазды.

Мақсаты: Ғарышкерлер туралы мәлімет беріп, Қазақстан ғарышкерлерін ұмытпай, оқушыларға есімдері мен жетістіктерін жеткізу.

1-11 сынып оқушыларымен викториналық сұрақтар мен ақпараттық сағат өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ғарышкерлер туралы мәлімет беріп, Қазақстан ғарышкерлерінің батырлығын насихаттап, үлгі ету.

Ғарышкерлер күніне орай бастауыш сыныптар арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді.

23 - сәуір Ұлттық кітап күніне орай мектеп кітапханашысы Дүрімхан Гүлнар мектеп оқушыларына "Кітап біздің досымыз" тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: Кітап -

сарқылмас рухани қазына - дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Оқушылар тәрбие сағаты барысында өздеріне ұнаған кітапты таңдап алды.

Кәсіби консультация:

-9, 11 сыныптарда кәсіптік өзін-өзі анықтау саласын түзету;

-мамандық таңдауда көмек;

-мамандықтар әлемін баяндайтын әдебиеттермен танысу

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» іс-шаралар жоспарына сәйкес "Мамандық әлемінде" тақырыбында 9 "а", 9 "б", 11 "а" сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сабақ барысында психологиялық мінездің түрлеріне шолу жасалып, әр темпераментке жақын мамандықтар бойынша сөз қозғалды. Мақсат етіп отырған мамандық иесі атану үшін таңдау пәндері мен оқу орындары жайлы ақпарат берілді. Түлектер көкейкесті сұрақтарын қойып, ойларын еркін ортаға салды. Өткізген болашаққа нық қадам басар мамандық таңдау бойынша бағыт-бағдар беруші, педагог-профориентолог Құсайын Қайырхан Ғалымұлы.

"Шабыт" жобасы. Жеңістің 80 жылдығына орай "Ерліктің шеруі мәңгілік өлмейді" атты 6 сынып оқушыларының бейнежұмысы. Сынып жетекшісі Алиева Г. А.

"Түлектердің ағаш егуі" челленджі 9 "а", 9" б", 11 "а" сынып түлектері мектеп ауласына жылы лебіз, тілектерін уақыт капсуласына салып, ағаш көшеттерін отырғызды. Сынып жетекшілер: Балабекова Г. Ш., Баймуратова Б. Қ., Бирманова С. Б.

"Шабыт" жобасы аясында 1 мамыр- Бірлік күніне орай "Достығымыз жарасқан" атты Қазақстан халқы ұлттар арасында би сайысы өткізілді. Топ жарған сыныптар марапатталды.

"Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат" тақырыбында 7 "а" сыныбымен Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына арналған ашық сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Ұлы жеңісті дәріптеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен қазақстандықтардың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұту, ой-өрісін дамыту. Сынып жетекшісі: Утеулина Айдана Қарлығақызы.

7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл тәуелсіз еліміздің өзіндік қорғаныс қабілеті бар екенін білдіретін мереке. Ендеше егеменді еліміздің отын сөндірмей, қорғаныс жүйемізді бекем ұстап келе жатқан барлық Қазақстан азаматтарын төл мерекелерімен 10 "а" сыныбы құттықтайды! Сынып жетекшісі: Сабиева Ұлболсын Нұрбайқызы

"Ұланды елдің-ұрпағы қайсар" тақырыбында 6 "а" сыныбы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына арналған ашық сынып сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сынып жетекшісі: Алиева Гүлжайна Амамбаевна

